«8D04203 – Құқықтану» мамандығы бойынша Райымбергенова Кәмшат Тоқашқызының «ҚР электронды ақша айналымын қаржылық-құқықтық реттеу: мәселелері мен даму болашағы» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Райымбергенова Кәмшат диссертациялық жұмысы ҚР электрондық ақша айналымын қаржылық-құқықтық реттеуге арнап жазылған. Диссертацияда электрондық ақшаның пайда болу тарихы мен дамуы және іс жүзінде қолданылу тәртібі, электрондық ақшаның Қазақстанда қаржылық-құқықтық реттелуі бойынша терең зерттеу жүргізілген.

Райымбергенова К.Т. «ҚР электронды ақша айналымын қаржылық-құқықтық реттеу: мәселелері мен даму болашағы» диссертациясының тақырыбы ғылыми бағытынан «қаржы құқығына» сәйкес келеді.

Таңдалған диссертация тақырыбының өзектілігі теориялық та, практикалық та жағынан еш күмән туғызбайды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында белгіленген маңызды мәселенің бірі ретінде төлем жүйелерінің тұрақтылығын сақтау мақсатында ұлттық төлем жүйесі жұмысын тәжірибеге толық енгізуді тапсырған. Осыған орай, елімізде электрондық төлем жүйелері мен цифрлық ұлттық валютаның мемлекетпен реттелу үдерісі, тәжірибеде жүзеге асуы қарқынды түрде қолға алынған болатын.

Докторанттың электрондық ақша айналымын қаржылық-құққытық реттеу бағытындағы тақырыпты таңдап, диссертациялық зерттеу жүргізуі мемлекеттің төлем саясаты мен ақша нарығын бақылауы саласындағы ғылыми зерттеулерінің қатарын толықтырады.

Электрондық ақша мен қатар, цифрлық теңгенің де қаржылық-құқықтық реттелуі осы диссертациялық жұмыстың бір ерекшелігі екенін атап өткім келеді. Демек, қоғамда кәдімгі ақшамен қатар қолданылатын электрондық ақшалардың да түрлері мен олардың бір-бірінен өзіндік артықшылықтары осы зерттеуде кеңінен сипатталып, құқықтық мәртебесін анықтау арқылы көрініс тапқан.

К.Т. Райымбергенованың диссертациялық зерттеуінде электрондық ақшаның дамуымен бірге оны құқықтық реттеу және қауіпсіздік мәселелері қатар жүретіндіктен, зерттеу барысында Қазақстандағы электрондық ақша айналымын қаржылық- құқықтық реттеу және олардың халықаралық стандарттарға сәйкестігін реттейтін заңдар мен нормативтік актілерге зерттеулер жасалып, автор тарапынан негізделген ұсыныстар мен теориялық және тәжірибелік жетілдіру тұстары да толыққанды қарастырылған.

Докторант диссертация жазу барысында мазмұнын түсінікті әрі логикалық жағынан дұрыс құрастырған, зерттеудің мақсаты мен алға қойылған міндеттері нақты жазылып, зерттеудің әдіснамалық негіздерін анықтаған. Тәжірибелік және теориялық тұрғыда ғылыми зерттелу дәрежесіне

толық талдау жасалған, салыстырмалы түрде шетелдік озық тәжірибелік зерттеулерге сүйенген.

Докторант қойылған мақсатына сәйкес, бірінші тарауда электрондық ақша түсінігі, тарихы мен теориялық аспектлеріне негізделіп зерттеу жасаған. Диссертациялық зерттеудің келесі тарауын Қазақстандағы электрондық ақша айналымының қаржылық-құқықтық реттеудің тетігіне, яғни мемлекеттік реттеу механизміне бағыттаған. Әрі қарай электрондық ақша айналымын дамыған шетелдерде қолданылатын тәжірибелер мен оны дамытудың жолдарын ұсынған.

Диссертацияның ішкі мәні дұрыс үйлесіп, толық жазылған. Зерттеу жұмысының әдістері арқылы қол жеткізілген ғылыми тұжырымдары нақты негізделген және электрондық ақшаның тәжірибеде қолданылу сипаты толық ашылып көрсетілген.

Диссертациялық зерттеудің қорғауға ұсынылған тұжырымдары нақты қойылған мақсаттарға сәйкес және диссертация авторы ұсынған ғылыми болжамдарды растайды және қазақстандық қаржы құқығы дамуына, сондай-ақ ұлттық цифрлық валютаның тәжірибеге енуімен байланысты ғылыми зерттеулер қатарын толықтыратын құнды зерттеу болады деп есептеймін.

Райымбергенова К. диссертация жазу барысында нақты және дәйекті терминологияны қолданады, бұл зерттеу материалдарын жалпыға түсінікті етеді және диссертация мазмұнын осы саланың мамандары мен кең аудитория үшін қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Диссертацияның ғылыми жаңалығы, қол жеткізген қорытындылар мен ұсыныстар отандық қаржы құқығын, ақша саясатын реттеуде мемлекеттік бағдарламалар мен құқықтық тұжырымдамалар әзірлеу барысында ғылыми-зерттеу ретінде қарастыруға, жаңа оқулықтар әзірлеу барысында қолдануға болады.

Диссертациялық зерттеуді жүргізу барысында К.Т. Райымбергенова Түркия университеттерінде шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтіп, халықаралық конференцияларда өз зерттеуінің әдістері мен қорытындыларын ұсынған. Диссертациялық зерттеудің негізгі мазмұны мен нәтижелері Scopus рецензияланатын ғылыми әдебиеттердің бірыңғай библиографиялық және рефератывтік деректер базасында мақалалары жарияланып, ҚР БҒМ БҒССҚК ұсынған басылымдар тізіміне енетін ғылыми журналдарда жарық көрді.

Диссертациялық зерттеу қорытындылары негізделген.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, Райымбергенова Камшат Тоқашқызының «ҚР электронды ақша айналымын қаржылық-құқықтық реттеу: мәселелері мен даму болашағы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын «8D04203 – Құқықтану» мамандығы бойынша (PhD) ғылыми дәрежесін алуға қорғауға жіберуге лайық деп ұсынамын.

Отандық ғылыми кеңесші
ҚР Конституциялық Соты судьясы,
заң ғылымдарының докторы, профессор **Е.Ж. Сатканбаева**